

**Қасымова А.А.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,

Қазақстан, Семей

e-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)

### **ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ КОМПАРАТИВТЕРДІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада көркем шығармалардағы фразеологиялық компаративтердің өзіндік ерекшеліктері мен зерттеуші тіл мамандарының компаратив ұғымына берілген түсініктері талданады. Сондай-ақ, экспрессивтілік категориясының мәселелерімен қатар, эмоционалды-экспрессивтіліктің фразеологиялық компаративтерге де тән екендігі сараланған. Авторлар М.Мағауин шығармалары негізінде жағымды, жағымсыз және бейтарап мәнді эмоционалды-экспрессивті фразеологиялық компаративтерге талдау жасаған. Фразеологиялық компаративтердің қолданылу амалдары да назардан тыс қалмай, қаламгердің жалпыхалықтық тілдің фразеологиясын өз қалпында қолданғандығы және жаңғыртып қолданғандығы да арнайы сөз етіледі. Мақалада фразеологиялық компаративтердің ассоциациялық аялары мен оған тән дыбыс әуезділігі де мысалдар негізінде қарастырылған.

**Тірек сөздер:** фразеологиялық компаративтер, эстетикалық, эмоционалды-экспрессивтілік, анафора, эпифора, аллитерация, ассонанс.

**Қасымова А.А.**

Университет имени Шакарима города Семей,

Семей, Казахстан

e-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)

### **СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ КОМПАРАТИВОВ**

**Аннотация.** В статье анализируются специфические особенности фразеологических компаративов в художественных произведениях и представления лингвистов-исследователей о понятии компаратива. Также, кроме проблем категории экспрессивности, выделяется, что фразеологическим компаративам свойственна и эмоционально-экспрессивность. Авторы проанализировали эмоционально-экспрессивные фразеологические компаративы положительного, отрицательного и нейтрального значения на основе произведений М. Мағауина. Не обошли вниманием и приемы употребления фразеологических компаративов, а также то, что писатель использовал и воспроизводил фразеологию общенародного языка. В статье также рассматриваются ассоциативные сферы фразеологических компаративов и характерная для них мелодичность звука на основе примеров.

**Ключевые слова:** фразеологические компаративы, эстетический, эмоционально-экспрессивный, анафора, эпифора, аллитерация, ассонанс.

**Kasymova A.A.**

Shakarim University of Semey,

Semey, Kazakhstan

e-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)

### **STYLISTIC FEATURES OF PHRASEOLOGICAL COMPARATIVES**

**Abstract.** Annotation. The article analyzes the specific features of phraseological comparatives in works of fiction and the ideas of linguists-researchers about the concept of a comparative. Also, in addition to the problems of the category of expressiveness, it is emphasized that phraseological comparatives are also characterized by emotional-expressiveness. The authors analyzed emotionally expressive phraseological comparatives of positive, negative and neutral meanings based on the works of M. Magauin. The techniques of using phraseological comparatives were not ignored, as well as the fact that the writer used and reproduced the phraseology of the national language. The article also examines the associative spheres of phraseological comparatives and the melodic sound characteristic of them based on examples.

**Keywords:** phraseological comparatives, aesthetic, emotionally expressive, anaphora, epiphora, alliteration, assonance.

**Кіріспе.** Қазіргі қазақ лингвистикасында фразеологиялық бірліктерді құрамындағы, мағынасындағы, логикалық сипатындағы ерекшеліктеріне көңіл бөле отырып, зерттеу нысанасына алу соңғы кезде көптеп орын алуда, оның себебі фразеологиялық мұрамызда әр ұлттың тілі, өмір салты, мәдени мұрасы мен тарих сахнасындағы қозғалысы айқын бейнеленеді. Сонымен қатар белгілі бір тілдің фразеологиялық құрамын тану арқылы бір халықтың ұлттық психологиясы мен менталитетін тереңірек ұғынуға болады.

Соңғы кездегі зерттеулерде тілдегі бейнелеу құралдарындағы ұлттық құндылықтарды анықтау мәселесі әмбебап және бірегейлікті (идиоэтникалық) таныту құралы ретінде қызмет ете бастады. Расымен де, адам баласының дүниеге келген сәттен бастап санасына сіңетін танымдық функциясы айналадағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тануға әкеледі. Яғни белгілі бір этностың, ұлттың қайталанбас өмірлік жолы мен болмысы тілінде көрініс тауып, сол тілде сөйлеушілер үшін әлемнің айрықша бейнесін ғана жасамайды, сол халықтың тұрмыс салты, қоғамдағы орны, әлемдік аренадағы орны, олардың ұлттық тіліндегі көрінісін сипаттайтын әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады.

Қазіргі кездің өзінде тілдегі фразеологиялық бірліктергі мыңдаған зерттеулер жасалып, ғылыми талдаулар жүргізілді. Алайда лингвистикада фразеологиялық құбылыстардың ерекшеліктерін айқындауда зерттеушілер арасында бірізділік сақталмай келеді. Аталған тілдік материалдың ауқымы кең болуына байланысты ол орынды да.

Лингвистикадағы фразеологизмдердің теориялық негіздерін айқындау кезінде әлі күнге дейін шешілмеген мәселелерге тап болып жатамыз. Оның себебі фразеологиялық бірліктерді зерттеуде тек құрам мен мағынаға назар аудармай, кешенді зерттеу

жүйесін қолдану қажеттілігінен туындап отыр. Фразеологизмдердің бұндай құрылымдық бөлшектерінің бірі фразеологиялық компаративтер болып табылады. Тілдегі фразеология саласы фразеологиялық бірліктердің өзіне тән құрылымдық ерекшеліктері бар және оны бөлшектемей тұтас зерттеуді қажет ететін бөлшек деп танымыз.

Тілші ғалымдар тілдің бейнелілік қасиетін арттыратын көркемдік, тілдік құралдар қатарына фразеологиялық компаративтерді қосып, зерттеу объектісіне ала бастағаны біздің де аталмыш салаға қызығушылығымызды тудырады.

Мәселен, «Салыстыру – сыртқы әлем мен рухани құндылықтарды танудың негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Таным – бұл айырмашылық пен ұқсастық ажырамас бірлікте болатын процесс» [1, 567 б.], - деген пікір бұл жерде орындеп ойлаймыз.

Компаратив салыстыру (латынша - *comparatio*) деген мағынаны білдіреді. Демек, компаратив білгілі бір зат пен құбылысты екінші зат немесе құбылыспен салыстыра отырып, белгілі дәрежедегі сапасын айқындай келе, тілдің ұлтқа тән ерекшеліктерін грамматикалық категориялар арқылы асыратын төрт мүшелі құрылымдар болып табылады.

Адам баласының танымдық функциясында «салыстыру процесі» ерекше орын алады, себебі салыстыру барысында сөйлеуші мағыналық, мазмұндық тұрғыдан бір бірінен жақын және алыс құбылыстар арасында байланыс қалыптастырады. Салыстыру процесі логикалық операция ретінде орындалады және оның нәтижелері әртүрлі синтаксистік конструкцияларда, яғни сөйлемдерде көрініс табады.

Компаративті құрылым – ақиқатты танудың басты құралы. Біздің айналамыздағы мағыналық, мазмұндық тұрғыдан бір бірінен жақын және алыс құбылыстардан ұқсастық мен

айырмашылықтарды таба отырып, асқан ұтқырлықпен тілдік жүйеге салу арқылы ұлттық болмысты тілдік категорияда сақтау шеберлікті қажет етеді. Бұл құбылысты фразеологиялық бірліктердің құрылымы мен мағынасына терең үңілгенде ғана аңғара аламыз. Яғни, қай зат қай затпен салыстырылып тұр, қай заттың бейнесі тілдік бірлікте айқын көрініп тұр, осы мәселелерді айқындауда кмпаратив төрт элементтен тұратын құрылым және оның мынадай элементтері болады:

1. Салыстыратын зат (А);
2. Салыстырылатын бейне (В);
3. Салыстырудың нәтижесі (С);
4. Салыстырудың көрсеткіші (М).

Енді келтірілген теорияға көркем шығармадан мысал келтіретін болсақ: *Арбасының шарбақ-шарбақ қайың доңғалағы мен берік қиюластырып жасалған арыс ағаштары жосаға жаңа гана боялғандай қып-қызыл* (Аласап.,78); Мұндағы Салыстыратын зат (А) – *доңғалақ, ағаш*; Салыстырылатын бейне (В) - *бояу*; Салыстырудың нәтижесі (С) - *қып-қызыл*; Салыстырудың көрсеткіші (М) - *дай жұрнағы*; Салыстыруға негіз болып тұрған белгі – сол заттардың сыртқы көрінісі, яғни, – *қып-қызыл* сөзі, ал салыстыру көрсеткіші – *дай* формасы арқыл беріліп тұр.

**Әдебиетке шолу.** Адамның эмоционалды өмірін тілмен көрсету идеясы ХІХ ғасырдағы тіл білімі бойынша классикалық еңбектерде көрініс тапқан [В. Фон Гумбольдт, В.Вундт, А.А.Потебня]. ХХ ғасыр бойы тіл ғалымдары, тіл философтары, әдеби шығармашылықты зерттеушілер эстетика мен поэтиканы зерттеушілердің эмоционалды сала тақырыбындағы пікірталастары мен ғылыми зерттеулерінде лингвистикалық экспрессивтіліктің проблемалары туралы идеялар дамыды. Экспрессивтілікке қатысты әртүрлі түсіндірмелер, атап айтқанда, терминологиялық синонимия, іргелес категорияларды ажыратуда айқындықтың жеткілікті болмауы ("экспрессивтілік – "экспрессия", "экспрессивтілік" – «мәнерлегіштік»,

"экспрессивтілік" – "бейнелегіштік", "экспрессивтілік" – "эмотивтілік", "қарқындылық", "бағалауыштық" [Мельничук 2013; Моргоева 2009; Шаховский 1987, 2008]) белгілі бір деңгейде лингвистикалық талдауды қиындатады.

Сондықтан қазіргі уақытқа ең алдымен, негізгі ұғымдардың ауқымын нақтылауды зерттеу аса маңызды болады.

Экспрессивтіліктің мазмұны туралы ең жалпы түсініктер философиялық және лингвистикалық сөздіктер мен энциклопедиялар, психология бойынша дереккөздерге сілтеме жасау барысында қалыптасады:

– эстетикада бұл ұғым өнердегі жоғары мәнерлілікке жету үшін, көркемдік құралдарды қолданылу дегенді білдіреді [2];

– психологияда «эмоциялардың сыртқы көрінісі» [3];

– «сөйлеушінің сөйлеу мазмұнына немесе адресатқа қатынасын субъективті құралдар арқылы коммуникативті әрекет ету қабілетін қамтамасыз ететін тілдік бірліктің мағыналық және стильдік белгілерінің жиынтығы [4].

Бүгінгі таңда зерттеушілерді толғандыратын негізгі мәселелердің бірі – бағалауыштық, экспрессивтік және эмоционалдылық микрокомпоненттерінің денотация және коннотация аспектілерінде орын алуы. Мысалы орыс тіл білімінде В.И.Говердовский, К.А.Долинин сынды ғалымдар өз еңбектерінде аталмыш мағына бөлшектерін толықтай коннотацияның микрокомпоненттері тұрғысында қабылдаса [5; 6], профессор М.Оразов көрсеткендей, Э.Азнаурова, В.Звегинцев, И.Арнольд сияқты ғалымдар «сөздің эмоционалдық, экспрессивтік қызметін стилистикалық мағына ретінде танып, оны коннотаттық (негізгі мағынаға қосымша) мағынаның бөлшегі деп көрсетеді» [7]. Зерттеуші А.В.Филиппов коннотация ұғымы тек эмоционалдық және стилистикалық мазмұндағы семантикалық мағынамен байланысты деп топшылап, бағалауыштың экспрессивтік, эмоционалдық семаларын да ол

денотацияның белгілі бір бөлшегі ретінде көрсетеді [8]. Қазақ ғалымдары: «Қазіргі қазақ тілінде, басқа тілдегі сияқты, сөйлеушінің бір затқа не құбылысқа эмоционалдық көзқарасын білдіретін бір топ сөздер бар. Бұл категориядағы сөздерді тіл ғылымында эмоционалдық лексика немесе эмоционалдық мәні бар сөздер дейді», [9, 182 б.] - деп атап көрсетеді.

Эмоционалдық сөздер мен экспрессивтік сөздердің арасына тепе-теңдік белгісін қоюға болмайды. Тілдегі эмоционалдық қызметтер адам сезімін білдірсе, экспрессивтік амалдар эмоцияны, ерікті ойды білдіруде де мәнерлілікті, бейнелілікті күшейту үшін де қызмет етеді», [10, 79 б.] - дейді зерттеуші Ф.Мұсабекова.

Бұдан біз тіл-тілде эмоционалды-экспрессивті сөздердің бар екеніне көз жеткіземіз. Жеке сөздерге тән мұндай эмоционалды-экспрессивтілік фразеологиялық компаративтерге де тән. Фразеологиялық компаративтерді зерттеуші тіл мамандарының көпшілігі оларға эмоционалды-экспрессивті қызмет тән болады дегенді айтады [11-16]. Бағалау-тілдік қарым-қатынаста өмір сүретін, қолдану аясы кең ерекше лингвистикалық категория. Фразеологизмдерге қатысты баға, бағалауыштық сипат ғасырлар бойы қалыптасқан төл, табиғи ұғымдармен байланысты. Өзінің көнелену жағынан да, тұлға, мағына тұрақтылығы жағынан да, стилі жағынан да өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Фразеологиялық тұлғалардың эмоционалдылығы дегеніміз - бұл олардың түрлі сезімдерді, эмоцияларды білдіру мүмкіндігі. Прагматикалық функцияларды білдіретін тілдік амалдарға экспрессивтілік пен бағалауыштықпен сипатталатын фразеологиялық тұлғаларды, фразеологиялық компаративтерді жатқызуға болады.

Фразеологиялық компаративтер мәнерлі және экспрессивті, бейнелі салыстырулар негізінде қалыптасады, осыған байланысты олар автордың

жазбаша мәтінге енгізген экспрессивтілігін жақсы жеткізеді. А.Г. Емузов фразеологиялық компаративтерді эмоционалдылықпен, экспрессивтілікпен байланыстырып, оларды жағымды, жағымсыз, бейтарап мәнді фразеологиялық компаративтер деп үшке бөледі [18, 220 б.].

Ал Т. Қоңыров болса, функционалдық эмоцияны мағынасы жағынан жағымсыз мәнді, жағымды мәнді және бейтарап мәнді эмоция деп үшке жіктейді [19, 171 б.].

Компаративті фразеологиялық бірліктер мәнерлі және экспрессивті, бейнелі салыстырулар негізінде қалыптасады, осыған байланысты олар автордың жазбаша мәтінге енгізген экспрессивтілігін жақсы жеткізеді.

Адамдар дүниедегі зат-құбылысқа баға бергенде, өзінің өмір тәжірибесіне, біліміне сүйенеді, соны арқау етеді, ол бағалау қызметінің қоғамдық сипатқа ие екенін көрсетеді. Сөздің эмоционалды-экспрессивті мағынасы, М.Оразовтың тұжырымдамасы бойынша, белгілі кезеңде қалыптасқан, тұрақталған, сондықтан сөздің лексикалық мағынасымен жарыса жүреді деп түсінуге болады [7].

**Материал және әдістер.** Жұмыста жалпы ғылыми және нақты лингвистикалық әдістер қолданылды: индуктивті, сипаттамалық, семантикалық-стилистикалық талдау элементтері, лексиканың компоненттік талдауы.

**Нәтижелер және талқылау.** Тіл тілде экспрессивті бояу-реңк өте жоғары лексикалық-фразеологиялық тіркестерде қалыптасқан белгілі. Олар көп жағдайда жағымды мәнді білдіреді. Оларға: құлын мүсінді, бота көз – сұлулық символын білдірсе, ата-ана баласын еркелеткенде, қоңыр қозым, жәудіреген ботақаным, «құлыным» т.б. жағымды мәндегі бейнелі тіркестерін, жағымсыз мәнде «иттің баласы» сияқты реңктердегі тіркестерді жатқызуға болады.

Ал жағымсыздық бағалауыштық мағынамен ерекшеленетін фразеологизмдердің қатарына қазақ тіліндегі шикі өкпе, боқ мұрын, шөп

желке, шаранасы кеппеген, мұрнынан сорасы ағу т.б. жатқызуға болады. Сондай - ақ, ернінен енесінің емшек сүті кеппеген; ана сүті аузынан кеппеген; бесік табы белінен кетпеген; бала, баланың ісі шала; бесіктен белі шықпай жатып т.б. сияқты тым жас адамның істегеніне көңілі толмау, қомсыну мағынасында немесе оның мінез - құлқына көңілі толмағанда қолданылатын тұрақты тіркестерді көптеп кездестіреміз.

Енді М.Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтердің эмоциональды-экспрессивті мағынада қолданылатынына көңіл аударайық.

*1. Жағымсыз мәнді эмоциональды-экспрессивті фразеологиялық компаративтер*

Жағымсыз эмоционалды реңктерді білдіретін компаративті фразеологиялық бірліктер көптеген жағдайларда субъектінің жағымсыз іс-әрекеттерін сипаттайды.

Жазушы өзі суреттегелі отырған оқиғаға жек көріністілігін, жиренішін білдіру үшін, салыстыратын заттарын жағымсыз іс-әрекеті бар бейнелермен салыстырады. Мыс.: Мынаны далай қылу керек! ... – деді тілмаш *жолбарыстан ыққан қанденше қыңсылып*, тұтқынды шыр көбелек айнала шәулдеп (Шақан., 4). *Судан жеріген сиырдай, мұрындарын шүйіріп, бастарын шайқай*, бұрынғыдан әлдеқайда ауырлап кеткен шараларын қолдарына қайта алған (Аласап., 52).

Бұл мысалдарда суреттеуге негіз етіп алынған адамның жағымсыз қылығы, қимыл-әрекеттері жан-жануарлардың жағымсыз қимыл-әрекеттерінің жиіркенішті бейнесі арқылы жасалынады. Мәселен, төре алдындағы тілмаштың бейшара, жағымпазданған қылығы *«жолбарыстан ыққан канденнің қыңсылаумен, шәуілдеуімен»* салыстырылса, ал *«судан жеріген сиырдай мұрындарын шүйіріп, бастарын шайқай»* эмоциональды-экспрессивті фразеологиялық компаративтер адамдардың сиықсыз тұрпатын, жағымсыз мінездерін сипаттау үшін қызмет етіп тұр. Осылайша жағымсыз мәнді эмоциональды-экспрессивті

компаративтердің әсерлілік күші қолдана түседі де, олар бейнелі де тартымды суреттерге айналады.

*2. Жағымды мәнді эмоциональды-экспрессивті фразеологиялық компаративтер*

Компаративті фразеологиялық бірліктердің басқа тобында позитивтік ұғымдық мағына, яғни, жағымды эмоционалды бағалау нюанстары жатады. Жоғарыда біз жағымсыз мәнді эмоциональды-экспрессивті компаративтердің, көбінесе адамды сипаттау үшін қолданылатынын айтқан болатынбыз. Енді жағымды мәнді эмоциональды-экспрессивті компаративтерге келелік. Бұлардың негізінде жағымды көзқарас, жағымды ықылас жатады да, олар адамды, сондай-ақ, түрлі деректі ұғымдарды суреттеу үшін өнімді түрде жұмсалынады. Егер салыстыратын зат болып адамдар сипатталса, салыстырылатын бейне ретінде көбінесе жан-жануарлар мен табиғат құбылыстары алынады. Кейде бұған керісінше, салыстыралытан зат болып табиғат құбылыстары суреттелсе, адамдар онда салыстырылатын бейне ретінде қолданылады. Деректі ұғымдардың аясы кең. Жазушы салыстырылатын бейне ретінде адамды да, табиғат құбылыстарын да, өсімдіктерді де, жан-жануарларды да ала береді.

М. Мағауин қолданған жағымды (эмоциональды-экспрессивті) фразеологиялық компаративтерде салыстыратын зат ретінде адам бейнесі алыныпты. Мыс.: Оның үстіне келіншегі жас. *Қызыл балықтай бұлықсыған тартымды* (Көк., 226). *Ұстараның жүзіндей лыпып тұрған жігіт* (Көк., 175).

Алғашқы мысалда *әсем келіншектің бұлықсу тәрізді қозғалыс-қимылы балықтың бұлықсуымен* салыстырылып, сұлу қыздың жүріс-тұрысынан тартымды үйлесімділікті көреміз. Келесі мысалдағы *«ұстараның жүзіндей лыпып тұрған жігіт»* тәрізді компаративтік құрылымда сұлу жігітке тән ширақтық, өткірлік тәрізді жақсы қасиеттер бейнеленеді.

Жағымды мәнді эмоциональды-экспрессивті фразеологиялық компаративтердің құрамында деректі ұғымдарды суреттейтін фразеологиялық компаративтер де кездеседі. Мыс.: Арттағы *өмір* – естіген ертегі, көрген түс. Ала бұлты, қара бұлты, ойдым-ойдым көгі аралас күзгі аспандай (Көк., 252). Құздан құлаған селдей екпінді, ағарып атқан сұлу *жырларға* хан да, қара да ұйыды (Ғасыр, 39).

Бұл мысалдардағы салыстыратын зат болып жұмсалған *өмір*, *жыр тәрізді* дерексіз ұғымдар адамдармен, табиғат құбылыстарымен ассоциацияланып, сол заттардың, атап айтқанда, *өмір – қара бұлты, ойдым – ойдым көгі аралас күзгі аспанның, жыр – құлаған селдің, ағарып – атқан таңның* «қызметтерін» атқарып, соның нәтижесінде ол *селдей екпінді, таңдай сұлу* болып шыққан.

3. *Бейтарап мәнді эмоциональды-экспрессивті фразеологиялық компаративтер*

Бейтарап мәнді эмоциональды – экспрессивті фразеологиялық компаративтер өздерінің эмоциялық сипаты жөнінен жағымды мәнді және жағымсыз мәнді эмоциональды–экспрессивті фразеологиялық компаративтердің ортасынан орын алады.

Т. Қоңыров: «Бұл топтағы теңеулердің «айқайлап» тұрған жағымсыз мәні де немесе көзге ұрып тұрған жағымды мәні де жоқ. Сол себепті мұндай теңеулерді «бейтарап» мәнді эмоциональды – экспрессивті теңеулер деп атаған жөн», – дейді [20, 185 б.].

М. Мағауин шығармаларында кездесетін мұндай «бейтарап» мәнді эмоциональды – экспрессивті фразеологиялық компаративтерге мысал жетерлік: «Алаштың алтынды туын көтердік деп мақтанатын шапырашты Саурық батыр өлген соң *шілдің тезегіндей тозды*» (Шақан.,21). Бас уәзір назарын төмен салып, болмашы жымиды. *Жолбарыстың атылар алдындағы жер бауырлай шабынғаны сияқты* (Аласап.,421).

Бұл мысалдарда салыстырылатын бейнелердің қасиеті салыстыратын заттардың қосымша «мінездемесі» ретінде жұмсалады, сол себепті олар жаңа эмоциональды-экспрессиялық сапаға ие болады. Мәселен, Саурық батырдың көзі тірісінде алаштың алтынды туын көтердік деп рулы ел Шапырашты мақтанушы еді, енді қыстаудан қуылып, қоныстан аласталып, елін қорғауға қауқары жоқ дәрменсіз халі *шілдің тезегінің тозуымен* салыстырыла суреттеледі. Сондай – ақ, бас уәзірдің сыртқы келбеті *жолбарыстың атылар алдындағы жер бауырлай шабынуымен* салыстырылады.

Қорыта келгенде, функциялық эмоциональды – экспрессивті фразеологиялық компаративтердің жағымды, жағымсыз және бейтарап деп аталатын үш мағыналық топтардан құралатынын байқадық. Бұлардың әрқайсысының жазушы шығармаларында алатын орны ерекше.

*Фразеологиялық компаративтердің қолданылу амалдары*

Жазушы М. Мағауиннің фразеологиялық компаративтерді шығармашылық жолмен жұмсау әдісін ашып көрсету – біздің көп міндеттеріміздің бірі. Өйткені компаративтердің сөз мағынасын дамытуда атқаратын рөлі ерекше. Фразеология мәселесін көп зерттеген ғалым А.И. Ефимов: «Жазушы фразеологиялық жаңашылдығы көпшілікке белгілі сөздердің мағынасын жаңартуда танылады», – деген болатын [21, 286 б.].

М. Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер жалаң салыстыру шеңберінде ғана қалып қоймаған. Мұндай компаративтерде жеке сөздердің мағыналары өзара тұтасып, бір – бірінің көркемдік, стильдік қызметімен астасып жатады.

Жазушы фразеологиялық компаративтерді жасауда қоршаған ортадағы зат пен құбылыстардың өте нәзік ішкі ерекшеліктерін қамтуға тырысқан. Ол заттар мен құбылыстардағы өте нәзік сапалық сипатты таба білген және оларды

кейіпкерлердің ішкі бейнесін, рухани жан – дүниесін ашуға қолданған.

Көркем әдебиетте фразеологиялық компаративтерді пайдаланудың әдісі өте мол.

Біз енді жазушы М.Мағауиннің өз шығармаларында фразеологиялық компаративтерді қалай қолданғанына келелік. Ол үшін алдымен көркем әдебиеттегі фразеологиялық компаративтер дегеніміз не? – деген мәселені тағы бір еске сап етелік.

Көркем әдебиеттегі фразеологиялық компаративтер – көркем бейне жасайтын бейнелеу құралдарының бірі болып табылады. Тілдегі фразеологиялық компаративтер – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстарды салыстыру арқылы кез келген қимылдың, белгінің сапалық мағынасын беретін тілдік құрылым.

Осы тұрғыдан жазушы шығармаларындағы фразеологиялық компаративтердің қолдану амалы мен тәсілін қарастырғанымызда, оның жалпыхалықтық тілдің фразеологиясын өз қалпында қолданғандығы және оны жаңғыртып қолданғандығы байқалады.

Алдымен жазушының фразеологиялық компаративтерді өз қалпында қолданғандығын әңгімелейік. М.Мағауин өз шығармаларында фразеологиялық компаративтерді өз қалпында, яғни олар халық тілінде қалай қолданылса, солай қолданады. Мыс.: «Ұлдың туысы артық, қыздың ырысы артық», – деседі (Аласап.,561). «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деген мақал бар көшпенділер арасында (Аласап., 788 ). «Іті қандай болса, иесі сондай», – деді (Шақан.,133).

Бұл тәсіл жазушы тіліне мәнерлілік, көркемдік сипат үстейді. Енді жазушының фразеологиялық компаративтерді жаңғыртып қолданғанына келелік. Мағауин шығармаларында мақал, мәтелдер көп кездеседі. Олардың жазушының пайдалануы екі түрлі: Біріншісінде – халықта қалай айтылса, сол қалпында өзгертпей қолданады да, екіншісінде – ел аузындағы түрінен өзгертіп, сөз, сөйлемдерін, өзінше құрып,

кейде жаңаша мазмұн береді. Кейде сол мазмұнның өзін қалдырып, сөз, сөйлемдерін басқаша етіп құрады. Мәселен, жазушының «Арыстан туса да, айға шаппай мертігіпті» тәрізді мақалы «арыстан асқынса айға шабар, ақымақ асқынса, анасын сабар», «арыстан айға шауып мерт болыпты» деген халық мақалының үлгісінен алынғаны сөзсіз.

М.Мағауин шығармаларында жұмбаққа негізделген фразеологиялық компаративтер де ұшырасады. Мысалы, Кішкентай ғана бойы бар, қабат – қабат тоны бар» (пияз) деген жұмбақ негізінде ол: «Өзі тапал, өзі жуантық бояр жаңа жұлынған пияз сияқты болады да қалды (Аласап.,277), – деген компаратив жасаған. Бұл жерде бояр бейнесі жаңа жұлынған пиязбен салыстырылып тұр.

Сондай – ақ, оның шығармаларында жанды нәрселерге тән белгілерді жансыз нәрселерге телу, кейіптеу арқылы жасалынған фразеологиялық компаративтер де кездеседі. Мыс.: Бір – біріне жалғастырыла тігілген ақ орда. Он төртінен толған ай жарығында мүлгіп, ұйықтап тұрғандай (Көк.,176). Мінгесе біткен екі жұлдыз. Екеуі де жымың – жымың етіп, қол бұлғап шақырғандай (Бір ата.,126).

Бұл мысалдардан салыстырылатын заттар ретінде алынған – «ақ орда», «екі жұлдыз» сөздері «мүлгіп, ұйықтап тұру», «жымың – жымың етіп, қол бұлғап шақыру» түрінде келген салыстырылатын бейнелермен кейіптеу тәсілімен суреттелгенін байқауға болады. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: М.Мағауин әртүрлі әдіс – тәсілдермен жаңа компаративтер жасау арқылы қазақ әдеби тілін байыту мәселесінде әжептәуір еңбек еткендігін көруге болады.

*Автор туындыларындағы фразеологиялық компаративтердің ассоциациялық аялары*

Қазақ тенеулерін лингвостилистикалық тұрғыда зерттеген ғалым Т.Қоңыров қазақ тіліндегі тенеулердің мағыналық топтарының бірін ассоциациялық топ деп атайды [19].

Ассоциация деген терминнің тіл біліміндегі мәні туралы «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» былай делінген: «Тілдік бірліктерді формальды және логикалық – мағыналық белгілері бойынша біріктіру, топтау» [4, 58 б.].

Т. Қоңыров: «Жеке сөздер немесе сөздердің тобы үшін қолданылатын «ассоциациялық ая» ұғымын қазақ теңеулерін сипаттау үшін де қолдануға әбден болатын сияқты. Өйткені, теңеулік конструкция бір бүтін тілдік құбылыс болғандықтан, «ассоциациялық ая» заңдылығы – бұған да тән нәрсе», - дей келіп, егер образды А деп, предметті В деп, белгіні С деп белгілесек, олардың ассоциациялық қабілеттерін Ап, Вп, Сп деп алсақ, онда жоғарыдағы схемалар төмендегідей формулаларға айналады:

1) Ап – Сп – В; 2) А – С – Вп; 3) А – Сп – Вп; 4) Ап – С – Вп; 5) Ап – С – В, - дейді [19, 58 б.].

Біз жазушы шығармаларынан мысалдар келтіре отырып, осы формулалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталалық.

#### *Ап-Сп-В ассоциациялық типі*

Кез келген зат немесе құбылыс бейнелеу заңы бойынша көптеген заттарға ұқсатылады да, соңғы заттар мен құбылыстар компаративтің бейнесіне айналады. Бұдан соң компаративтердің бейнесіне айналған заттар мен құбылыстардың қасиеттері енді компаративтердің нәтижесіне айналады. Басқаша айтқанда, салыстыратын зат біреу ғана болады да, оны суреттейтін бейнелер мен одан туындайтын белгі – салыстырудың нәтижесінің саны өте көп болады. Мысалы: *Көзін айтсаңшы, Құралайдың көзінеі мөлдіреп тұрады* (Ақша қар, 64). *Үлкен, үлкен болғанда тостағандай көзінің айналасы көлеңке тартқан* (Көк. 67). *Алақандай үлкен, қап-қара көзі ғана сәуле шашып тұрғандай* (Көк., 127).

Жазушының қиял-зердесі неғұрлым ассоциацияға бай болса, соғұрлым суреткерлік тілдің бейнелеу, суреттеу құралдары мол болады екен. Жоғарыдағы мысалдарда бір ғана салыстыратын «көз»

сөзі әр түрлі бейнелермен ассоциацияға түсіп тұр. Мәселен, «*құралайдың көзіндеі*», «*тостағандай көз*» т.б. Бұл жерде салыстыратын зат пен салыстырылатын нәтижелері – *мөлдіреу, үлкен, қап-қара сөздері* арқылы берілген.

Әдетте, әйел адамның сұлулығы қазақ ұғымындағы ең қасиетті нәрселермен ассоциацияланады. Бұл жерде жазушы қыз жанарының мөлдірлігін беру үшін сұлулықтың символы ретінде құралайдың көзінің мөлдіреуімен салыстырады.

#### *А-С-Вп ассоциациялық типі*

Бұл тип, бірінші типке керісінше, яғни мұнда ондаған салыстыратын заттар бір ғана салыстырылатын бейнелермен ассоциацияға түседі де, одан пайда болатын салыстырудың нәтижесі де біреу ғана болады. Мыс.: Кенет көлдің екінші жақ шетінен көрінді. (Шақан., 99). Көзі қанталап, сілекейлі аузынан ажал иісі бұқыраған таудай пәле үстіне қона түсіп еді (Аласап., 430). «Мә, қарағым, таудай жігіт бол!» - деп маған ұсынды (Шақан., 214).

Әдетте, тау – үлкен, зор деген ұғымдардың ассоциациясы болып жиі қолданылады.

Жазушы шығармаларында «тау» бейнесімен жолбарыс, пәле, жігіт тәрізді деректі ұғымдар ассоциацияға түсіп, бір ғана ортақ белгі – «үлкен» сөзі арқылы үлкендік ұғымына ие болып, көркем де бейнелі суреттер жасау үшін жұмсалыр тұр.

#### *А-Сп-Вп ассоциациялық типі*

Бұл типте салыстырылатын бейне көптеген салыстыратын заттармен ассоциацияға түсудің нәтижесінде салыстыратын заттардың әрқайсысының өзіне тән жеке-дара белгілерін анықтайды. Мысалы: *Дастарқан басында түнере төмен қарап тастай қатып отырған* Борис Доможировты нұқады. (Аласап., 221). *Мойны үзілген қаз тастай зымырап*, өзен айдынына гүмп берген (Аласап., 197). *Сайдың тасындай*, атпал сегіз жігіт іргесінен көтеріп, төбесі жабық тор ішіне енді (Шақан., 31). Шенгеліне ілінген сәтте аққумен бірге төмен қарай *тасша құлады*



(Аласап., 201). Жарықтан шыққаннан ба, *төңірек тастай қараңғы* (Көк., 136).

Жазушы шығармаларындағы мысалдардан біз тастың ассоциациялық мүмкіндігінің өте мол екендігін байқадық. Егер «тастай қатып отыру» компаративі тастың қозғалмауы, үн шығармау қасиетті (тілсіздігі) негізінде жасалса, ал «*тастай зымырау*», «*тасша құлау*» компаративтерінің негізінде *тастың төмен қарай құлауы, суға шым батып кету* қасиеті жатыр. «*Сайдың тасындай жігіттер*» компаративтік құрылымы ірілік ұғымын беру үшін жұмсалса, «*төңірек тастай қараңғы*» компаративі түн қараңғылығындағы жарық сәуленің жоқ екенін білдіру үшін жұмсалып тұр. Жазушы бір ғана «тас» бейнесін заттар мен құбылыстардың сапалық белгісі мен қимыл-қозғалыс әрекеттерін беру үшін пайдаланған.

#### *Ап-С-Вп ассоциациялық типі*

Бұл типте әр түрлі салыстырылатын бейнелер әр түрлі салыстыратын заттармен ассоциацияға түсіп, бұл екеуі тұтасымен бір ғана ортақ белгі – салыстырудың нәтижесіне бағынады. Мыс.: Жағасы жасыл құрақ, жиегі қамысты, *қоғалы, айнадай дөңгелек көлдер* көріне бастады (Аласап., 128). Ұшар биікке шыққан, алыстан көрінген *боз отаудай* дөп-дөңгелек, ақшаңқан күн топырақ аралас сарғыш құмды *өрттей лапылдап барады* (Шақан., 103). Ай кейіпті дөңгелек жүзінде *мейір мен ақыл тұнып тұрғандай* (Аласап., 549).

Жазушы шығармаларынан мысалға келтірілген салыстыратын заттар мен салыстырылатын бейнелердің, атап айтқанда, *айна мен көлдің, боз отау мен күннің, ай мен адам жүзінің* өзара ассоциацияға түсуіне негіз болып тұрған белгі – салыстырудың нәтижелері, яғни олардың сыртқы көлемдік ұқсастығы. Ол салыстыратын зат пен салыстырылатын бейнеге ортақ сапалық белгі – дөп-дөңгелек сөзі арқылы беріліп тұр.

#### *Ап-С-В ассоциациялық типі*

Ассоциациялық типтің бұл түрінде бір ғана салыстыратын зат әр түрлі салыстырылатын бейнелермен

ассоциацияға түседі де, сол ассоциациялардың барлығы бір ғана белгіні – салыстырудың нәтижесін сипаттайды. Мыс.: *Атан өгіздей жолбарыс* арқан бойы жерден атылғанда найзамен қарсы алыпты (Шақан., 67). Өне бойын қан жапқан, *омырауы дал-дұл тайдай жолбарыс* қанша жерден шабақталып жатса шегінбеген (Шақан., 34). Сол сәтінде көзі шатынаған, *бесті айғырдай зор жолбарыс* шыға келді (Шақан., 56).

Бұл мысалдарда жазушы суреттегелі отырған *жолбарыс бейнесінің ірілік, үлкендік тұлғасын* әсерлі етіп жеткізу үшін, оны отан өгіз, тай, бесті айғыр бейнелерімен ассоциациялайды. Соның нәтижесінде жолбарыстың тұрақты қасиеті (белгісі) «үлкендік», «зор» ұғымы арқылы беріледі.

Демек, жазушының қиял-зердесі неғұрлым ассоциацияға бай болса, соғұрлым суреткерлік тілдің бейнелеу, суреттеу құралдары мол болады екен. Біз өз зерттеуімізде М.Мағауин шығармаларындағы салыстыруға негіз болған заттар мен құбылыстарды бір-біріне ұқсатып, ортақ белгілерін табуда ассоциация заңына да сүйендік.

#### *Фразеологиялық компаративтерге тән дыбыс әуезділігі*

Компаративті фразеологизмдерге тән белгілердің арасында олардың құрамдас бөліктерінің экспрессивтілігі, үндесуі, аллитерациясы және рифм әуезділігі жатады. Қарастырылып отырған компаративті фразеологиялық бірліктерде дыбыстар немесе компоненттердің жеке дыбыстық тіркесімдері бір-біріне ұқсас болуы да мүмкін.

Сөз – қандай да болмасын, әдебиеттің, соның ішінде, көркем әдебиеттің де бірден-бір мұқтажын өтейтін ой өрнегі. Ол әр түрлі орайда, әр түрлі стильдік қызметте жұмсалып, жазушының діттеген жерінен шығып жатады.

Компаративтік құрылымның бейнелілік сипаты белгілі бір заттың, құбылыстың белгілі бір компаративтерге салыстырылатын бейне ретінде жұмсалатындығы айтылды. Тілдегі қарапайым жай сөздердің тіркесе келіп,

әдемі бір бейне, образ жасалынуы жазушының зергерлігіне, өзіндік шеберлігіне байланысты.

Жазушының өз шеберлігін таныту – компаративтік тіркес құрумен шектелмейді, сол компаративтік тіркестің өзін дыбыс әуезділігіне (эвфонияға) негіздеп жасайтындығымен де айрықшаланады. Ойымызды дәлелдеу үшін М.Мағауин шығармаларынан мына бір мысалды талдаудан басталық: Кенет аттарының аузы арандай ашылған үш нөкер бірдей шауып жетіп келгені (Аласап.,103).

Бұл мысалда а-а-а түрінде келіп, дауысты дыбыстардың әуезділігіне негізделіп жасалған «аузы арандай ашылған» компаративі гиперболалық әдіспен мейлінше әсірленіп суреттелген. Сөйтіп, жазушы тілін мәнерлейтін өрнекті кесте осылайша көрініс тауып, оқырман жүрегіне сапар шеккен.

Тағы бір мысал: - Атым ат-ақ еді, - деді жігіт бұрынғыдан әрмен бозарып. – *Қамбардың қара қасқасындай* (Шақан., 27), - деген сөйлемдегі компаратив – «*атым Қамбардың қара қасқасындай*». Бұл компаратив те дыбыс үйлесімділігіне негізделген: ондағы компаратив мүшелері қ-қ-қ түрінде келіп, біркелкі әуен, бірінғай тонмен айтылып, өзара жымдаса байланысып тұр. Бұл сияқты дыбыс әуезділігіне негізделген фразеологиялық компаративтер жазушы шығармаларында аз ұшыраспайды.

М. Мағауин шығармаларындағы дыбыс әуезділігі, соның ішінде компаратив мүшелерінің арасындағы үндестік өздерінің сипаты жағынан әр түрлі болып келеді. Кейде фразеологиялық компаративтердегі дауыссыз дыбыстар үндесіп, аллитерация жасаса, енді бірде дауысты дыбыстар әуезділігінен ассонанс жасалынады.

Кейде жазушы шығармаларындағы компаратив мүшелерінің арасында дыбыс әуезділігінің үшінші түрі де кездеседі. Оны буындық әуезділігін немесе аралас әуезділік деп атауға болады.

Филология ғылымында дыбыс әуезділігінің мынадай түрлері бар екендігі

айтылады: 1) рифмдік әуезділік, 2) анафоралық әуезділік, 3) эпифоралық әуезділік, 4) аллитерациялық әуезділік, 5) ассонанстық әуезділік, 6) аралас әуезділік [20, 181 б.].

Енді М.Мағауин шығармаларындағы фразеологиялық компаративтердегі дыбыс әуезділігінің осы түрлерін жеке-жеке сөз етелік.

#### *Рифмдік әуезділік*

Ең алдымен тұрақты рифмдік компаративтерге мысал келтіріп аламыз: *Мойны құдай иілген, тұяғы тастай тігілген* бота тірсек боз атты ... (Көк., 89). Ол «*жаралы құдай ыңырантып, жарылған мұздай күңірентіп*» күй болып төгілетін сансыз түйе жайлы армандайды, төрт құбылысы тең басқанын қалайды (Ғасыр., 70).

Енді осы мысалдардағы «*мойны құдай иілген, тұяғы тастай тігілген*», «*жаралы құдай ыңырантып, жарылған мұздай күңірентіп*» түрінде келген компаративтік құрылымға назар аударалық. Бұларды біз тұрақты рифмдік әуезділікке жатқызғанда, өзара бағыныңқы-басыңқы байланысқа және синонимдік қатынасқа түсіп, екі компаративтен тұратындығын, олардың халық тіліне қатысты екенін ескеріп отырмыз.

Жоғарыдағы ерекшелік жазушы жасаған авторлық компаративтерге де тән. Мыс.: *Ет таудай үйіледі, тұздық көлдей ағады* (Аласап., 491). Бұл сияқты компаративтерде салыстырудың нәтижелері негізінен өзара рифмдік қатынасқа түседі (Алғашқы мысалда «*иілген*», «*тігілген*», «*ыңырантып*», «*күңірентіп*» сөздерді, кейінгі мысалда «*үйіледі*», «*ағады*» сөздері).

#### *Анафоралық әуезділік*

Дыбыстық немесе фонетикалық анафора ұқсас дыбыстарды қайталау негізінде В және А элементтері арасында (салыстырылатын бейне мен салыстыратын зат), сонымен бірге, В және С элементтері арасында (салыстырылатын бейне мен салыстырудың нәтижесі арасында) орын алады. Мыс.: Үй айнала бергенде алдынан *тайдай тарғыл төбет*

шыға келеді (Шақан., 133). «Алаштың алтынды туын көтердік деп мақтанатын шапырашты Саурық батыр өлген соң *шілдің тезегіндей тозды*» (Шақан., 21). *Судай сіңіп, тастай батты* (Аласап., 163) т.б.

Жоғарыда атап өткендеріміздей, анафоралық әуезділік бұл мысалдарда В және А элементтерінің арасында (*тайдай тарғыл төбет*) және В және С элементтерінің арасында (*шілдің тезегіндей+тозды; судай+сіңіп, тастай+батты*) іске асырылған.

Анафоралық авторлық әуездік компаративтердің ішінде де жоқ емес. Мыс.: Кеше ғана *құлындай құлдырап жүрген* Сүйініш кішкентай ғана төмпешікке айналғанда қайтадан тірі сүлде кейпін тапты (Аласап, 44). Қазақтар осыған дейін, бірнеше ай бойы қалмақ шеруін *қайтқан қазға тиген қаршығадай* жұлмалап, тобынан жырып тоздырумен келді (Қаз. тарих. әліппесі, 172).

Анафоралық әуезділік бұл мысалдарда В және С элементтері (*құлындай+құлдырап*) мен А және В элементтерінің арасында (*қалмақ шеруін-қазға тиген қаршығадай жұлмалап*) байқалады.

#### *Эпифоралық әуезділік*

Эпифора – бұл сөйлем соңында «сөзді немесе дыбыс тіркестерін поэтикалық сөздің мінерлілігін күшейту үшін қайталаудан тұратын тілдік фигура», - дейді О.С.Ахманова өзінің «Лингвистикалық терминдер» сөздігінде [4, 528 б.].

Эпифоралық әуезділікке мысалдар: Аға тұрып бала сөйлегеннен без; төре тұрып қара сөйлегеннен без! (Аласап, 137). Кешегі дұшпан аңқасы құрып, ас сұрап келсе, қапысын тап та, басын ал! (Аласап., 137).

Бұл мысалдардың әрқайсысының құрамында екі-екіден компаратив бар. Олардағы эпифоралық әуезділік «без», «сұрап келсе» сөздерінің екі рет қайталанып келуі нәтижесінде жасалынған.

Эпифоралық әуезділік авторлық компаративтерге де жат емес. Алайда, біз

мұндай компаративтерді жазушы шығармаларынан кездестіре алмадық.

#### *Аллитерациялық әуезділік*

Дыбыс әуезділігінің басқа түрлеріне қарағанда, аллитерациялық дыбыс әуезділігі М.Мағауин шығармаларында әлдеқайда көп кездеседі. Мыс.: *Қамыс басы күмістей құбылған* (Шақан., 21). *Сүйріктей сұлу көк көптер* екен (Көк., 8). Дүние мүліктен тегіс тазарған, *жылан жалағандай*, тап-таза басындағы үйді салып еді (Аласап., 285).

Біз бұл мысалдардан үш түрлі дауыссыз дыбыстың аллитерациялық қызметін көре аламыз. Бұл дыбыстар компаративтік құрылымда бірнеше қайталанып келу арқылы, компаратив мүшелерін бір-бірімен үндестіріп, сол арқылы олардың мәнерлілік әсерін күшейте түскен. Сонымен бірге, аллитерациялық дыбыс әуезділігі дауысты және дауыссыз дыбыстың сөздің басында, ортасында өзара бірлікте келуі арқылы да қалыптасады. Мыс.: *Тайлақты түйедей, жұбын жазбай*, үнемі бірге болды (Көк., 165). Өлі арыстаннан – тірі тышқан артық (Шақан.,).

#### *Ассонанстық әуезділік*

Ассонанс, яғни компаративті фразеологиялық бірліктер құрамындағы дауысты дыбыстардың үндестігі өте кең таралған құбылыс. Сол дауысты әр түрлі позициялық жағдайларда орналасқан компаративті фразеологиялық бірліктердің құрамдас бөліктерінде қайталануы мүмкін. Компаратив мүшелері арасындағы дыбыс әуезділігінің келесі түрі – ассонанстық әуезділік. Бұл тәсіл тек дауысты дыбыстың үндестігіне негізделеді. Мыс.: *Арыстандай ақырып* жүріп айбарын асырған бодан жұрттың кімнің теліміне түсер... (Аласап., 448). *Арыстанша атылды* (Шақан., 15). Арыстандай айбарлы атаның ұлы қандай мұрат қуды (Аласап., 825).

Бұл мысалдарда дыбыс әуезділігі салыстыратын бейне мен салыстырудың нәтижесінің арасында жүзеге асқан.

Аллитерациялық және ассонанстық дыбыс әуезділігі тек тұрақты компаративтер құрамында жасалмайды, сонымен бірге олар авторлық

компаративтерде де кездеседі. Мыс.: Ат дейтін мен де қай бір ат. Ойнақтай орғуға, жасындай жайнап, асықтай атылуға бар ма (Аласап., 99). Әлия қасқырдан қашқан қояндай зытып барады (Көк., 50).

*Аралас дыбыс әуезділігі*

Бұл – бір сөйлем құрамында дыбыс әуезділігінің кемінде екі түрі кездесетін дыбыс әезділігінің ерекше бір түрі. Айталық, рифма+ассонанс т.б. Мыс.: *ит ырғылжыңмен күн кешкенше, арыстанша алысып дүниеден кешейік!* (Аласап., 661). Бұл мысалда эпиформа мен ассонанс қатар келген.: *Таудай талапқа күмән келтіргенмен, бармақтай бақты* естен шығарып көрген емес «Нар., 75). Мұнан біз анафора мен аллитерацияны ұшыратамыз.

Қысқасы, М.Мағауин өз шығармаларында компаративті тіркестердің эмоциялы-экспрессивті әсерін күшейту үшін, дыбыс әуезділігіне көп көңіл бөлгендігін және оның бір-екі түрін ғана емес, әлденеше түрін шеберлікпен пайдалана алғандығын байқамау мүмкін емес.

**Қорытынды.** Фразеологиялық компаративтер фразеологизмдердің ішіндегі ең өнімді құрылымдық топтарға жатады. Оның мәні – бір затты екінші бір затпен салыстыруға негізделеді.

Көркем әдебиеттегі фразеологиялық компаративтер көркем бейне жасайтын бейнелеу құралдарының бірі болып табылады. Ал тілдегі фразеологиялық компаративтер дегеніміз – ақиқат дүниедегі заттар мен құбылыстарды салыстыру арқылы кез келген заттың, қимылдың, белгінің сапалық мағынасын беретін тілдік құрылым.

Біз жазушы шығармаларындағы фразеологиялық компаративтер төрт құрылымдық элементтерден тұратын категория ретінде қарастырдық. Олар: салыстыратын зат (А), салыстырылатын бейне (В), салыстырудың нәтижесі (С), салыстырудың көрсеткіші (М).

Фразеологиялық компаративтерді зерттеу барысында бұл мәселенің тюркологияда өте аз қарастырылғанын, ал қазақ тіл білімінде жазушы

шығармаларында фразеологиялық компаративтерге арналған еңбектер тіпті жоқтың қасы екендігін аңғаруға болады.

Алайда арнайы зерттеу жұмыстары болмағанымен, бірлі-жарым ғалымдарымыз белгілі бір жазушының тілін зерттегенде, компаративтердің бейнелі қызметін жол-жөнекей сөз еткен. Әрине, бұл компаративтердің мәселесі түбегейлі зерттелді деуге толық дерек бола алмайды. Біздің компаративтерді зерттеу нысаны етіп алғандағы мақсатымыз – оның тілдік табиғатын ашып, көркем шығармадағы бейнелілік сипатын анықтау еді. Біз бұл жұмысымызда стилистикалық ерекшеліктеріне, көркем әдебиеттегі атқаратын рөліне назар аудардық.

Зерттеу жұмысының барысында фразеологиялық компаративтерге байланысты мынандай ой-қорытындылар тұжырымдалды:

1) фразеологиялық компаративтер – салыстыру ұғымын беретін төрт мүшелі құрылымнан тұратын тілдік-стилистикалық тәсіл екен.

2) М.Мағауин шығармаларындағы компаративтік құрылымдар өздерінің дыбыс әуезділігімен де (эвфония) ерекшеленетіндігін байқадық. Сөйттік те, бұл мәселеге жеке тоқталғанды жөн көрдік және солай істедік те.

3) Сонымен бірге, жазушы шығармаларында қаламгердің жалпыхалықтық тілдің фразеологиясын өз қалпында қолданғандығы және жаңғыртып, өзгертіп қолданғандығы да арнайы сөз етілді.

Қысқасы М.Мағауин шығармалары фразеологиялық компаративтерге өте бай екен. Ол көркем әдебиеттегі бейнелеу құралдарының бірі, онда да бірегейі болғандықтан, өзін көркем сөз шебері санаған адам бұл көркемдегіш құралды пайдаланбай тұра алмайтындығы ақиқат. Сондықтан болар, фразеологиялық компаративтерді басқа жазушылар да кеңінен қолданып жүр. Мәселе – сол бейнелеу құралын қай жазушының қалай қолдануында.

Бұл жағынан М.Мағауин – өзінің шын шебер екендігін таныта білген

қаламгер. Ол ең алдымен халық тіліндегі фразеологиялық компаративтерді мүмкіндігінше толық пайдалануға тырысқан.

Ең бастысы, мейлі халықтық компаративтер болсын, мейлі өзі жасаған

авторлық компаративтер болсын – барлығы көркем әдебиетте бейнелеуші қызмет атқарып, тіліміздің байлығын, икемділігін арттыра түскен; эстетикалық, эмоциональды-экспрессивтік, стильдік бояуын түрлендіре, құбылта түскен.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Кондаков Н.И. Логический словарь-справочник. - Москва: «Наука», 1975. -720 с.
2. Эстетика: Словарь. Под общей редакцией А. А. Беляева и др. Москва: Политиздат, 1989.-447 с.
3. Изард К. Психология эмоций, "Издательский дом ""Питер""", 19 июн. 2021 г. – 464 с.
4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов ... М.: Советская энциклопедия, 1966
5. Говердовский В. И. О коннотативнообразующих свойствах морфем // Филологические науки, 1985. №4.
6. Долинин К. А. Стилистика французского языка. – Москва, 1987.
7. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. - Алматы: Рауан, 1991.
8. Филиппов А.В. К проблеме лексической коннотации // Вопросы языкознания. М.: Наука, 1978. № 1. С. 57–63
9. Кеңесбаев І., Мұсабаев Р. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: ОПБ, 1962.
10. Мұсабекова Ф. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1982.
11. Лясота Ю.Л.О традиционном сравнении как особом виде фразеологизмов словарного состава языка 3-я научная конференция: тезисы докладов. Дальневосточный университет. – Владивосток, 1958.
12. Чернышева И.И. Компаративные фразеология при изучении иностранного языка // Как подготовить интересный урок иностранного языка. - Москва: ВПШ и АОМ при ЦК КПСС, 1963. - с. 23-31
13. Гатиатуллина З.З., Рахлин Е.И. Сравнительное исследование структурных особенностей компаративных фразеологических единиц в английском и немецком языках // Вопросы теории и методики преподавания иностранных языков.- Казнь, 1969.
14. Михайлов, В.Я. Компаративная фразеология как особая структурно-семантическая группа в составе фразеологии современного немецкого языка: дис. .канд. филол. наук: 10.02.04 / В.Я. Михайлов. - Москва, 1971. -217 с.
15. Глазырин Р.А. Сопоставительный анализ компаративных фразеологических единиц в современных германских языках: Автореф.дисс..канд.филол.наук: - Москва, 1972.
16. Гончаренко С.Ф. Компаративные тропы в испанской речи: Автореф. дисс... канд. Филол. наук. - Москва: 1973.
17. Головин Б.Н. Проблема значения языкового знака [Текст] / Ф.М. Березин, Б.Н. Головин // Общее языкознание: Учебное пособие для вузов / Б.Н. Головин. – Москва: Высшая школа, 1979. С. 122 –141.
18. Емузов А.Г. Лексико-семантический и грамматический анализ фразеологии кабардино-черкесского языка. - Нальчик, 1986. – 224 с.
19. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. - Алматы: Мектеп, 1978.
20. Қоңыров Т.К. Структурно –семантическая природа сравнения в казахском языке. – Алматы, 1985.
21. Ефимов А.И. О языке художественных проведений. Издательство: учпедгиз, 1954.

**References:**

1. Kondakov N.I. Logical dictionary-reference. - Moscow: Nauka, 1975. -720 p.
2. Aesthetics: Dictionary. Under the general editorship of A. A. Belyaev et al . Moscow: Politizdat, 1989.-447 p.
3. Izard K. Psychology of emotions, "Publishing House ""Peter""", June 19, 2021 – 464 p.
4. Akhmanova O.S. Dictionary of linguistic terms ... Moscow: Soviet Encyclopedia, 1966
5. Goverdovsky V. I. On connotative-forming properties of morphemes // Philological sciences, 1985. No.4.
6. Dolinin K. A. Stylistics of the French language. – Moscow, 1987.
7. Orazov M. semantics of the Kazakh language. - Almaty: Rauan, 1991.
8. Filippov A.V. On the problem of lexical connotation // Questions of linguistics. Moscow: Nauka, 1978. No. 1. pp. 57-63
9. Kenesbaev I., Musabaev R. modern Kazakh language. Vocabulary, phonetics. - Almaty: OPB, 1962.
10. Musabekova F. Practical stylistics of the Kazakh language. - Almaty: School, 1982.
11. Lyasota Yu.L. On traditional comparison as a special kind of phraseological units of the vocabulary of the language 3rd Scientific conference: abstracts. Far Eastern University. – Vladivostok, 1958.
12. Chernysheva I.I. Comparative phraseology in the study of a foreign language // How to prepare an interesting lesson of a foreign language. - Moscow: VPSH and AOM under the Central Committee of the CPSU, 1963. - pp. 23-31

13. Gatiatullina Z.Z., Rakhlin E.I. Comparative study of structural features of comparative phraseological units in English and German languages // Questions of theory and methodology of teaching foreign languages.- Execution, 1969.
14. Mikhailov, V.Ya. Comparative phraseology as a special structural and semantic group in the phraseology of the modern German language: dis. .Candidate of Philology: 10.02.04 / V.Ya. Mikhailov. - Moscow, 1971. -217 p.
15. Glazyrin R.A. Comparative analysis of comparative phraseological units in modern Germanic languages: Abstract.dissertation.cand.philol.sciences': - Moscow, 1972.
16. Goncharenko S.F. Comparative tropes in Spanish speech: Abstract. diss... cand. Philol. sciences. - Moscow: 1973.
17. Golovin B.N. The problem of the meaning of a linguistic sign [Text] / F.M. Berezin, B.N. Golovin // General Linguistics: A textbook for universities / B.N. Golovin. – Moscow: Higher School, 1979. pp. 122 -141.
18. Emuzov A.G. Lexico-semantic and grammatical analysis of the phraseology of the Kabardino-Circassian language. - Nalchik, 1986. – 224 p.
19. Konyrov T. Kazak teuleri. - Almaty: Mektep, 1978.
20. Konyrov T.K. The structural and semantic nature of comparison in the Kazakh language. – Almaty, 1985.
21. Efimov A.I. On the language of artistic prose. Publishing house: uchpedgiz, 1954.

**Автор туралы мәлімет**

**А.А. Қасымова**

Лауазымы: PhD, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,  
Пошталық мекенжайы: 071417, Қазақстан Республикасы, Семей, Сатпаев көш., 87-85  
Ұялы тел: 87778543877  
e-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)

**Сведения об авторе**

**А.А. Касымова**

Должность: PhD, Университет имени Шакарима города Семей,  
Почтовый адрес: 071417, Республика Казахстан, Семей, Сатпаева 87-85  
Сот. тел: 87778543877  
e-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)

**Information about the author:**

**A.A. Kasymova**

Position: PhD, Shakarim University of Semey,  
Mailingaddress: 071417, Republic of Kazakhstan, Semey  
Mob. phone: 87778543877  
e-mail: [assemzere.ak@gmail.com](mailto:assemzere.ak@gmail.com)